ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

Филология ғылымдарының докторы, профессор,
«Халық ағарту ісінің озық қызметкері»,
«Құрмет» орденінің иегері

ӘМІР РАҚЫШ СӘТҰЛЫНЫҢ

90 жас мерейтойына арналған

«ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ: ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ПРОБЛЕМАСЫ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
онлайн-конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы
16-17 қараша, 2020 жыл

Ұлтының бүгіні мен ертеңін, болашағы мен келешегін ойлаған кемел тұлға Мұстафа Шоқай оқыған барлығын олардың біліміне қарап, зиялы деуге болмайтыны сияқты, белгілі бір ұлттың өкілі болғанына қарап, оны сол ұлттың зиялысы деуге болмайды деп кесіп айтады. Белгілі бір ортақ идеяларды жете ұғынған және сонымен өзара байланысқа түскен білімділерді зиялы, ал саяси, қоғамдық немесе мәдени салалардың қайсысында болмасын өз халқына қызмет ету идеясын терең ұғынған зиялыны ұлттық деп санады [5, 476]. Олай болса, қазақ тіл білімі, қазақ тілін оқыту әдістемесі, білім беру саласында өз халқына қызмет ету идеясын терең ұғынған, ұлттық рухы жоғары, санасы азат ұстазым, филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Рақыш Сәтұлы Әмір – ұлт зиялысы.

Адамдығы асқақ, кісілігі зор ұстазым, елдің ертеңі, ұлттың болашағы, тілдің келешегі үшін еселі еңбек етіп жүрген ұлтымен рухтас Рақыш Сәтұлы Әмірді мерейтойымен құттықтап, ұлттық білімді, ұлттық ғылымды дамытудағы ерен еңбегіңіздің жемісін көріңіз деген игі тілек білдіремін.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Шоқай М. Таңдамалы. -Алматы: Қайнар. 1998. Т. 1 – 512 б.
2. Ерсаев М. Қазақтың дара ұлы. «Ана тілі» газеті. 13-19 тамыз, 2020 жыл.
3. Ермекова Т. Жаңа талап – жаңа оқулық. «Ана тілі» газеті. 12-18 маусым, 2019 жыл.
4. Дәулетбекова Ж. Ұлы міндетіне адал ұстаз. «Мега Білім» журналы. №1, 2020 жыл.
5. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. Т. XII. – 476 б.

Әлімтаева Л.Т.
филология ғылымдарының кандидаты
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ПРОФЕССОР Р. С. ӘМІРДІҢ ЕҢБЕКТЕРІ ҚАЗІРГІ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ

Қазіргі білім беру үдерісінде оқытылатын пәндерге қойылатын талап, ол пән мазмұнының оқыту нәтижелерге бағытталуы. Әрбір күтілетін нәтиженің құзіреттілік түрлеріне – ***танымдық*** (базалық білім) – теориялық, қолданбалы, аралас – (*ұғымдық категориялар, теория, ереже, парадигмалық қатарлар, әдістер, кезеңдер, жүйелер* т. б.); ***функционалды*** (әдістемелік, технологиялық білімдер) – *әдіс-тәсілдер, технологиялар*; ***жүйелі*** (өнімді) – оқу өнімі.

Оқыту нәтижелері Блум таксономиясы бойынша (*танымдық, функционалды, жүйелі*) пәнді оқу барысында студенттер меңгеруге тиіс біліктілік деңгейіне негізделуі тиіс.

Оқыту нәтижелері айқын, өлшенуге және бағалануға икемді болуы керек. 1. С*убъект* 2. *Кәсіби немесе әлеуметтік ортада* 3. *Не істей алады* деген үш элементке негізделеді [1].

«5В020500 – Филология: қазақ филологиясы» мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер синтаксисі» пәні профессор Р. С. Әмірдің 2014 жылы министрліктің грифімен шыққан «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер жүйесі» атты оқулығымен жүргізіледі. Ілгеріде аталған бүгінгі күні талап етіліп отырған пән құзыреттіліктері мен оқыту нәтижелеріне аталған оқулық мазмұны толық сәйкес келеді.

Бакалавр оқыту деңгейінде танымдық құзіреттілік бойынша қойылатын талап: оқу саласы бойынша алдыңғы қатарлы іргелі оқулықтар негізінде *білу* және *түсіну* дағдыларына ие болуы. *Білу* дағдысының модельдері: негіздеу, саралау, ұйымдастыру, анықтау, қайталау, есте сақтау, атау, жүйелеу, интерпретациялау, пайымдау т. б. *Түсіну* дағдысының модельдері: түсіндіру, топтастыру, табу, хабарлау, таңдау, аудару т. б. Қорыта айтқанда, білім алушы пәнді оқу барысында *нені біледі, нені түсінеді* деген мәнге саяды. Біріншіден, осы *білу* жіне *түсіну* дескрипторлары бойынша аталған оқулық негізінде білім алушы қандай оқу нәтижелеріне жете алады деген мәселені қарастырамыз.

Білім алушылар білу және түсіну дағдылары барысында келесі білімдерді меңгереді:

– көп предикативті конструкция деп танылған құрмалас сөйлем компоненттері пропопозициялық мағынаға ие және бұл жалпы сөйлем семантикасы;

– құрамына сай: 2 және көп компонентті;

– грамматикалық форма алуына, ұйымдасу ерекшелігіне сай салалас, сабақтас құрмаластар. Сабақтас, салаластар, олардың грамматика-семантикалық түрлері тек грамматикалық ұстаныммен емес, олардың басты ерекшелігі – коммуникативтік қызмет жағынан дараланулы. Осыдан барып, құрмалас сөйлемдердің практикалық мәні ашылған;

– коммуникативтік талғамға сай күрделі пікірді хабарлайтын синтаксистік тұлға сегменттік, тізбектілік типті құрылысқа жүгінеді. Сабақтастар тізбектілік, салаластар сегменттік талапты өтейді;

– баяндауыштары финиттік тұлғадағы салаластарды байланысу амалына қарай топтастырғанда жалғаулықсыз, ал ерекше интонациялық қалып арқылы ұйымдасқандарды іргелес салалас құрмалас сөйлем деп атаған.

– грамматика-семантикалық тұрғыдан даралағанда, іргелестер іштей: мезгілдік, қарсылықтық, себептік, шарттық, айқындауыштық, объектілік, теңдік, телінбе атты семантикалық топтарға бөлінген;

– сабақтас құрмаластардың тұлғадан мағынаға қарай бағытында топтастырылған.

Танымдық аспектіде осы білімдерді меңгере отырып, *қолдану* мен *талдауға* негізделген функционалдық құзіреттілік дағдыларын – *қолдану* мен *талдауды* игереді. Қолдану дағдысының модельдері: қолдану, таңдау, демонстрация жасау, интерпретациялау, шешімге келу, тәжірибе жасау т. б. Талдау дағдысының дескрипторлары: талдау, бағалау, топтастыру, салыстыру, салғастыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын саралай білу, сыни пікір айту, бөлшектеу, түсіндіру, себептерін айқындау, тәжірибе жасау, нәтижелерді синтездеу т. б. Жоғарыда аталған білім негізінде функционалды құзіреттілік бойынша білім алушы:

– пікірдің жай немесе күрделі екендігін талдай отырып, оның қызметін тану керек;

– предикативтік қатынастардың санын анықтау арқылы компоненттердің санын тану керек;

– баяндауыштардың грамматикалық форма алуына сай салалас немесе сабақтас екендігін ажырату керек;

– компоненттердің грамматикалық қатынасынан туындайтын семантиканы айқындау керек.

Бұл оқулықтан *коммуникативтік бағытта* келесі білімдерді меңгереміз. Лебіз білдіру әрқашан коммуникативтік талаптар арқылы орындалады. Р. Әмір өз еңбегінде коммуникативтік талаптарды бірінші және екінші дәрежелі деп бөледі. «Коммуникативтік талаптың ең қарапайым көрінісі мына түрде көрінеді:

а) ақпаратты жеткізу – хабарлы сөйлем арқылы іске асады;

ә) сұрау, сұрақ қою – сұраулы сөйлемдер арқылы орындалады;

б) біреуді жұмсау, бұйыру – бұйрықты сөйлемдер арқылы іске асады» [2, 93].

Жай сөйлемдердің тема мен ремаға жіктелісіне I немесе II дәрежелі коммуникативтік талап негіз болады. I дәрежелі коммуникативтік талапқа ең алдымен оның хабарлы, сұраулы, бұйрықты етіп берілуі жатса, екіншіден, оның қарапайым логикаға құрылуы шарт. Себебі пікір уақыт пен кеңістіктегі іс-әрекет, іс-әрекеттің субъектісі, субъектінің атрибуты, іс-әрекеттің нысаны және пысықтауыштық өрістерді қамтиды. Бірақ адам әрдайым осындай ретпен сөйлей бермейді. Тілдесімнің мақсаты мен мазмұнының күрделенуіне қарай коммуникативтік талаптар да күрделенеді. Оларды Р. Әмір былай береді: «Құрмалас сөйлем құрамына мынандай екінші дәрежелі коммуникативтік талаптардың әсері байқалады.

Лебізді үнемді етіп құру.

Лебізді түрлендіріп, ажарлап айту.

Адресатпен үндесіп отыру.

Лебізді экспрессивті етіп айту.

Лебіздегі актуалды құрамын ерекшелеп айту, т. т.» [2, 94].

Осы коммуникативті талаптарға байланысты сөйлемнің тема-ремасы өзгереді.

Құрмалас сөйлемдер жүйесінде тілдесімнің коммуникативтік мақсатқа сәйкес құрылуында қалыптасқан орын тәртібі де қызмет атқарады. Р. Әмір оны үшке бөліп көрсетеді:

1. Базистік (түпкі) орын тәртібі.
2. Кірігу орын тәртібі.
3. Инверсиялық орын тәртібі [2, 97].

Базистік, яғни түпкі орын тәртібіне бірінші дәрежелі коммуникативтік талапқа қызмет ететін құмалас сөйлемдер жатады.

Керегін алып еді, көңіл-күйі көтерілді. Мұнда сөйлеуші қалыпқа сай бірінші бағыныңқы сөйлемді беру арқылы оны мағыналық жағынан басыңқыға меңгертіп тұр, яғни себебін білдіретін пікірді бірінші орналастырып, соған қатысты жаңа ақпаратты екінші сөйлемде береді.

Осы бағыттағы жұмыстар жалғасып отырады және ұдайы бақылауда болады. Бұл мысалда салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулық байланыстыратын компоненті коммуникативтік мақсатқа орай соңғы позицияда орналасқан.

Құрамында нәруыздық заттар көп болғандықтан, тағамға (асбұршақ, үрмебұршақ, соя, жасымық), мал азығына пайдаланылады. Бұл сабақтас құрмалас сөйлемде де бағыныңқы компонент басыңқының себебін анықтап, актуалды мүшеленуге сәйкес коммуникативтік мақсатқа құрылған.

Құрмалас сөйлемдердің ішінде компоненттер тізіліп қана қоймай, сонымен қатар кірігіп те құрылады. Ол да коммуникативтік мақсатқа сай орын алады.

Алмагүл бұл өлеңнің өз даусына сәйкес келмейтінін біле тұрса да, даңқ құмарлығы жеңіп, осы тұста осындай әнге бас ұра бастаған жастардың мадақтауын тілеп, өзінің орындауына алды. Сонысына қарамай, бір-екі жеңіске ие болып еді, менімен бақ таластыра кетті. Бұның кезегі келгенде, ел орынға отырар шақ еді, бюро тарап, аудан басшылары түгел тысқа беттеп үлгерген, кабинетте Ауғанбай Халелұлы жалғыз қалыпты. Бұл мысалдардағы ақпараттың мәнділігі жағынан кіріктірілген компоненттер маңызды болып келеді, олардың информативтік мәнділігі жоғары. Сөйлемді бұлай құрудың да арғы жағында коммуникативтік талап жатыр.

Құрмалас сөйлемдер жүйесіндегі инверсия да белгілі бір коммуникативтік мақсатқа сай орын алады. Инверсияға көбіне сабақтас құрмалас сөйлемдер ұшырайды. Ережеге сәйкес бағыныңқы компонент үнемі басыңқы сөйлемнен бұрын орналасады. Ал инверсия кезінде бағыныңқы компонент басыңқыдан бұрын емес, кейінгі орынға шегінеді. Құрмалас сөйлемдердің бұлай құрылуы сөйлеушінің сөйлемді ой екпініне негіздеп жеткізу мақсатын көрсетеді. Яғни ой екпіні түсіп тұрған компонент алдыңғы орынға шығады да, төменгі орынға мәні жағынан екінші орында тұрған ақпарат орналасады:

Бүгін сізге жолығады, кешікпей үлгеріп келсе.

Күні-түні дайындалдым, уақыты жақындап қалғандықтан.

Қашан кітабы шығады екен, барлығын жақсылап оқитын.

Құрмалас сөйлемдер құрылымдық компоненттеріне қарай осы жолдар арқылы актуалданады. Олардың орын тәртібі, бағыныңқының басыңқының алдында келуі – осылардың барлығы да коммуникативті талаптарға сай ақпараттың өзектелуі болып табылады.

Құрмалас сөйлемдер сонымен бірге экспрессивтік сипатта болады. Лебіздің эмоциялы, экспрессивті реңкте құрылуының әр түрлі жолдары бар. Экспрессивті құрмалас сөйлемдер әр түрлі сезімдерді оятады. *Әлден ақытта құрық үстіне құрық жаудырып, ну жылқыны иіріп бетін түзеп, екі қырдың астына түсірдік-ау!*Бұл мысалда компонеттердің құрамына демеулік шылау және лексикалық бірліктер арқылы экспрессивтік мән үстеліп тұр.

Ызғындай ұрпақ, мол ырыстың ортасында отырып, айдалада жалғыз қалғандай, айналасы құлазып тұрса, мұның несі бақыт? Бұл аралас құрмалас сөйлемде екінші компонент шатты рай тұрғалы етістікпен келіп, үшінші компонент ретінде риторикалық сұрақты білдіретін сөйлем қатысып, экспрессивті құрмалас сөйлем жасалған. *Бізді іздеп әуре болма, бәрібір таба алмайсың!* Бұл мысалдар экспрессивті құрмалас сөйлемдерді танып, олардың

құрылысын жіктеп көрсетуге негіз болатын деректер ғана. Коммуникацияда экспрессивтік сипаттағы құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары, олардың берілу сипаты өте ауқымды.

Құрмалас сөйлемдер лебізді түрлендіруге, ажарландыруға да қызмет етеді. Әрбір сөйлеуші басқадан өзгеше қылып, түрлендіріп сөйлеуге ұмтылатыны анық. Бұл жөнінде Р. Әмір еңбегінде *«Осылай сөйлеу – қазақтың абыройы, мәртебесі» деп бағалайды.*

Құрметтейік, көтерейік те әйелді! Ана әйелді құрметтейік! Оның сүюі таусыла ма, бүкіл дүние соның емшегін еміп, ер жеткен емес пе? Адамда не қасиет болса, бәрі күннің көзі мен ананың сүтінен алынған қасиет. Ананың құрметі әлі жеткен жоқ! Бұл үзіндіден автордың қисынды сөйлеу шеберлігін анық байқаймыз. Оның сөйлемдерді құру барысында сөздерді мақсатты түрде байланыстырып, орындарын белгілеуі де коммуникативтік талапқа сай жасалған.

Әйда! Көшенің қақ ортасында иттер тойы қызсын да кетсін. Алдыда – Динго, сонан соң Таймас, желаяқ, қалғандары соңында. Бәрі үміткер Ертеңіне есіліп ақ тау, жосылып жота жол берді, жол үзігі жалғанып қалды екі шек қосылып. Поезд да өтті ен далада еркін салып айғайын, будақтатып көсіріп. Есрафил да бұл алыстан түнілді, жас алыптан – жаңа адамнан үміт кесіп, тосылып. Бар ашуы алқымына тығылып, қалжыраған, бір тұрып, бір жығылып, кетті қайтып мұз жеріне, түбегіне, қанды іздері қалды жарда жосылып. Осындай көркем әдебиетте кездесетін мысалдарға жеке ізденіс, жеке сөйлеу стилі, ажарлылық, түрлілілік секілді көптеген сипаттар тән болып келеді.

Осы мазмұндағы білімдерді игеру барысында білім алушылар келесі талдау дағдыларын игереді:

1. Компоненттердің тема-ремалық қатынасын анықтайды;
2. Құрмалас сөйлем сыңарларына тән орын тәртібін атап, себебін түсіндіреді;
3. Коммуникативтік талап дәрежесін талдап, оның себебін түсіндіреді.
4. Осы мақсатқа жегілген тілдік бірліктердің қызметін саралайды.

Ол сондай мөлдір: түбіне түскен түйме алақандағыдай көрінеді.

Талдау:

Құрылымдық:

1. Құрылысына қарай: құрмалас
2. Құрамдық ұстаным бойынша: екі компонентті
3. Грамматикалық тұлғалануына сай: салалас, іргелес
4. Семантикалық ұстаным бойынша: айқындауыштық (Р. Әмір бойынша)
5. Функционалдық ұстаным бойынша: айқындауыштық, атрибутивті қатынас (екінші компонент бірінші компонентпен анықтауыштық қатынасқа негізделген)

Коммуникативті аспект бойынша:

1. ***Тема-ремалық қатынасын анықтаңыз***: бірінші компонент тема – судың мөлдір екендігі, ал мөлдірлігінің қаншалықты дәрежеде екендігі рема жаңа мәнді ақпарат (себебі сөйленім мәнмәтіннен тыс талданып отыр).

2. ***Құрмалас сөйлем сыңарларына тән орын тәртібін атап, себебін түсіндіріңіз.***

«*Ол түбіне түскен түйме алақандағыдай көрінетіндей мөлдір*» деп жай сөйлеммен берілетін пікірді екінші дәрежелі коммуникативтік талапқа сай құрмалас құрылымды етіп берген, яғни қарапайым логикаға сай сөйлем мүшелерінің орын тәртібіне негізделмеген.

3. ***Коммуникативтік талап дәрежесін талдап, оның себебін түсіндіріңіз.*** Пікірді түрлендіру, атрибутты өзектеу мақсатында, екінші компонент етіп қатыстырған.

4. ***Осы мақсатқа жегілген тілдік бірліктердің қызметін атаңыз.***

Ажарлау, тыңдаушының назарын аударту мақсатында сол актуалданған мүшеге дейксис ретінде *сондай* деген әсерлі сөзді қатыстырған.

Оқу нәтижелерінің соңғы сатысы синтез бен бағалауға негізделген *жүйелеу* құзіреттілігі. *Синтездеудің* моделдері: теорияландыру, жасау, қорытындылау, басқару, себебін түсіндіру, салдарын саралау, нәтижелерді жалпыландыру, жоспарлау, негіздеу, жобалау, пәнаралық білімді интерпрециялау т. б. *Бағалаудың* моделдері: бағалау, сыни тұрғыдан қарау, салыстыру, шешімге келу, дәлелдеу, болжау, рецензиялау, ұсыну, қолдау.

Білім алушы эссе, шығарма, баяндама, реферат, мәлімдеме, презентация жаза және жасай алу керек. Жағдаятқа сай пікірін дұрыс бере алу керек. Коммуникативтік мақсатына, нәтижеге жету үшін тілік бірліктерді дұрыс таңдап, оралымды ету керек. Шаршы топта сөйлеу, шешен сөйлеу, түрлі етіп сөйлеу дағдыларын иелену керек. Аталған оқыту нәтижелеріне осы курста профессор Р. Әмірдің «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер жүйесі» оқулығының мазмұнын дұрыс меңгерген әрбір білім алушы қол жеткізе алады деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. (https://knastu. ru/media/files/page_files/teachers/Bershadskaya_UK_- _indikatory_opyt_razrabot. . tsenivaniya_Seminar_AKUR_05. 2018. pdf
2. Әмір Р. С., Әмірова Ж. Р. Қазіргі қазақ тілі, құрмалас сөйлемдер жүйесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 110 6.

Арғымбек М.
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
1-курс магистранты

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

Ұстаз-жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі. Мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақын-дарына жақсылық пен ізгілік көрсететін жан. Осы қасиеттерін бойына жинақтаған ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор **Рақыш Сәтұлы Әміровтың** туғанына **90 жыл.**

Рақыш Әмір Сәтұлы 1930 жылы 9 қаңтарда Жамбыл облысының Жамбыл ауданында, Жетітөбе ауылында туды. 1943 жылы Жамбыл қаласындағы педучилищеге оқуға түсті. Педучилищеден Әмір Рақыш үздік аттестат алып, 1946 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне емтихансыз алынды. Оқуда озат болып, филология факультетінде қазақтың ұлттық мәдениетінің М. Әуезов, А. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, М. Балақаев сынды ірі тұлғалардан сабақ алды.

Р. С. Әмір «Қазақ тіліндегі жалғаулықтар» деген тақырыпта диссертация жазып, қорғап, 1955-жылы филология ғылымдарының кандидаты деген ғылыми дәрежеге ие болды. Р. Әмір ауызекі сөйлеу тілі мәселесін бірінші болып зерттеді, «Особенности синтаксиса казахской разговорный речи»деген монографиясын жарыққа шығарып, соның негізінде 1972 жылы докторлық диссертация қорғады. Зерттеу қазақ тілі синтаксис жүйесіндегі амалдарды (қайталау, шенеу, үндеу т. б), тұлғаларды толық ашып, адекватты түрде танытты, түрлі коммуникативтік мақсаттарды өтеу механизімін ашып берді.

Рақыш Әміров қазақ тілін дамытуға үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірі. Сондай-ақ, қазақ тілін оқыту әдісін ойлап тапқан, қазақ тілін оқытудың мәселелерін эксперимент арқылы шешуді қолға алған және «Қазақ тілі»пәні бойынша оқу бағдарламалары мен оқулықтарды шығаруға атсалысқан белсенді авторлардың бірегейі.

Көптеген кітаптары оқулық ретінде Білім және ғылыми министрлігі тарапынан ресми түрде бекітілген. Оқулықтар қазақ тілі синтаксисінің фактологиялық базасын неғұрлым толық қамтып танытуға ұмтылған. Бұл бағыт қазақ тілі мамандарының түрлі интернационалдық ортаға еркін түсуге, түрлі ғылыми еңбектерді еркін игеруге жол ашады.

МАЗМҰНЫ

ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Сағындықұлы Б.
ЗАМАНДАСТАРЫН СЫЙЛАЙ БІЛЕТІН, ӨЗІН СЫЙЛАТА АЛАТЫН ЕРЕКШЕ ТҰЛҒА---------- 3

Дәдебаев Ж.
ТҮСІ ИГІ, ЖАНЫ ІЗГІ ЖАЙСАҢ АДАМ---------- 4

Қалиев Б., Ерназарова З.
ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ МОЛ ОҚУЛЫҚ ---------- 7

Смағұлова Г., Мамаева М.
ЖАЙ СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІНДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР ---------- 9

Момынова Б.
АУЫЗША ӘДЕБИ ТІЛДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ШАРТТАРЫН НЕГІЗДЕУДЕГІ ПРОФ. Р.ӘМІРДІҢ ҚЫЗМЕТІ ---------- 13

Тымболова А.О.
ҒАЛЫМНЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ ---------- 15

Жақыпов Ж.А.
ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒА ---------- 17

Салқынбай А.
ЛЕБІЗ ТЕОРИЯСЫНЫҢ БАСПАЛДАҒЫНАН БИІГІНЕ ДЕЙІН ---------- 21

Дәулетбекова Ж.
ҰЛЫ МІНДЕТІНЕ АДАЛ ҰСТАЗ ---------- 24

Ермекова Т.Н.
ПРОФЕССОР Р. ӘМІРДІҢ ЭЛИТАРЛЫҚ ТІЛДІК ТҰЛҒА ПОРТРЕТІ ---------- 29

Алтаева А.К.
БІЛІМ ӨЗ ИЕСІН БІЛДІРІП ТҰРАДЫ ---------- 34

Ильясова Н.Ә.
КОММУНИКАТИВТІ ГРАММАТИКАНЫ ТАНЫТҚАН ҒАЛЫМ ---------- 39

Раев Д.
АЙТҚАН СӨЗІН – АҚЫЛЫНЫҢ ӨЛШЕМІ ЕТКЕН ҒАЛЫМ-ТҰЛҒА ---------- 41

Күзекова З.
Р.С. ӘМІРДІҢ « ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ, ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕ» АТТЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫ ТУРАЛЫ ---------- 42

Әлкебаева Д.
Р. ӘМІРОВ, Ж. ӘМІРОВА «ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ, ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР ЖҮЙЕСІ» АТТЫ ЖАҢА ОҚУЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА ---------- 45

Мамаева М.
«ҮШ ТҮРЛІ АДАМДЫ КӨРМЕЙ ТҰРЫП СҮЮ МҮМКІН: ҒАЛЫМДЫ, ЖОМАРТТЫ ЖӘНЕ ӘДІЛ КІСІНІ ---------- 48

Иманалиева Ғ.Қ., Кенжебаева Л.Ж.
ҚАЗАҚ ТІЛІ СИНТАКСИСІН ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ ---------- 49

Жұбаева О.
СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ – ТІЛДІ БАЙЫТУДЫҢ, ИКЕМДІЛІГІН МОЛАЙТУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ ---------- 53

Елшібаева Ә.Қ.
ҰСТАЗЫМ – ҰЛТ ЗИЯЛЫСЫ ---------- 58

Әлімтаева Л.Т.
ПРОФЕССОР Р. С. ӘМІРДІҢ ЕҢБЕКТЕРІ ҚАЗІРГІ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ---------- 62

Арғымбек М.
ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ ---------- 66

Ерлан А.Е.
ПРОФЕССОР Р.ӘМІРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІ ГРАММАТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ---------- 68

ҚАЗАҚ ТІЛІ КОММУНИКАТИВТІК МӘДЕНИ ЖҮЙЕДЕ: ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

Авакова Р.А.
ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЭКСКУРС---------- 73

Айтбаева А., Нұрлыбай А.
Ә.КЕКІЛБАЕВ РОМАНДАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК-СТИЛЬДІК ІЗДЕНІСТЕР---------- 77

Айтбенбетова А.Қ., Молдабаева З.М.
СТИЛИСТИКАДАҒЫ СИНТАКСИСТІК БІРЛІКТЕР---------- 81

Айтжанова С.С., Татиева С.С.
ТІЛ БІЛІМІНДЕ САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ---------- 83

Айтқозы А.
ҚАЗАҚ ЖАРНАМАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ---------- 87

Ахметұлы Ә., Рамазанов Т.
ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ОҚУ-БІЛІМНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ СОЛ КЕЗДЕГІ ОҚУЛЫҚТАР---------- 91

Әбдіразақова А.Қ.
АЙМАҚТЫҚ ТҰҢҒЫШ ТӘУЕЛСІЗ «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ» БАСЫЛЫМЫНА ТӘН ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ---------- 99

Әбдіқадырова Т.Р., Қанат К.Б.
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ---------- 102

Әбутәліп А. Е. Мамаева Г.Б.
М. МАҒАУИННІҢ «ШЫҢҒЫС ХАН» ДЕРЕКТІ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ АТАУЛАР. -- 106

Әлкебаева Д.А., Онгарбаева К.С.
ҚАЗАҚ ӘНДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ---------- 109

Баимбетова А., Мейірманова Г.С.
СІЛТЕУ МӘНДІ ЕСІМДІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ТЕРМИН СӨЗДЕР---------- 114

Галымова А.Ж.
ТІЛДІК САНА – ЛИНГВОМӘДЕНИ ҰҒЫМ---------- 118

Дарменқұлова Р., Әміров Ә.
ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ---------- 122

Есназарова Р.
МАЙЛЫҚОЖА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК КӨРКЕМДІК ҚОЛДАНЫСТАРЫ---------- 127

Есқалиева М.
ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМДЫ ТОПТАСТЫРУ АСПЕКТІСІ ---------- 129

Жиренов С.А., Қожан А.М.
АБАЙ ЕСІМІНІҢ ПРЕЦЕДЕНТТІЛІГІ ---------- 133

Жүнісбек Ә.
ӘЛІПБИДІҢ ҚҰРСАУЫ МЕН ЕМІЛЕНІҢ ШЫРМАУЫ---------- 135

Жұмабай Қ.
ҰЛТТЫҚ СИПАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ АУЫСТЫРУЛАРДАҒЫ КӨРІНІСІ ---------- 140

Иманалиева Ғ.К., Кесикбаева А.
МӘТІН ТАЛДАУ ---------- 144

Кеңес Б.Е.
ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛГЕН ЕЖЕЛГІ ФОРМАЛАР ---------- 147

Кошекова А.А.
ҚАЗАҚ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ШЕШЕНДІК ТУРАЛЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ---------- 152

Құлжанова Б.Р., Жүзбаева А.С.
ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ---------- 155

Құнанбай А.
ТІЛ ТАРИХЫНЫҢ АРХЕТИПТІК ҚҰРЫЛЫМЫН РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ БАҒЫТТАРЫ МЕН СӨЗ ТӨРКІНІН АШУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ---------- 159

Маңғышева Ж.С.
БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПЦИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ТЕТІКТЕРІ 166

Мейірманова Г.С., Каршалова Б.Б.
ДИСКУРСТЫҚ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СІЛТЕУ ЕСІМДІКТЕРІ ---------- 169

Мухамеджанова Г.Т.
ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ---------- 173

Нуртазина А.О.
ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ ---------- 177

Өмірзақова А.К.
Н.САУРАНБАЕВ ЖӘНЕ ІРГЕЛЕС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР МӘСЕЛЕСІ ---------- 180

Төлеужанова Ж.
ПАРЦЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚАСПЕКТІСІ---------- 183

Сағындықұлы Б., Аманжанова Ж.Е.
ЗАТ ЕСІМ СИНОНИМДЕРДІҢ ӨЗАРА СЕМАНТИКАЛЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ ---------- 188

Каспихан Б.К.
А.С.АМАНЖОЛОВ ЖӘНЕ КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗУЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ---------- 192

Салқынбай А.Б., Анарбекова Ұ.Ұ.
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЕМЛЕСІ: ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕРДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ СИПАТЫ ---------- 197

Утегенова Г.Ж., Шертаева Г.Ж.
ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҰРНАҚТАР---------- 201